

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҚЫЗЫЛОРДАДА



Қызылордадағы Ұлттық құрылтай парламенттік реформаларға қатысты өзгерістер бойынша жаңғыруға жол ашады деп күтілуде.

(Жалғасы 2-бетте)

ТҮЛҒА

ӘДІЛЕТТІҢ ӘДІЛІ

Заң саласының ардагері, жетпісін толтырғалы отырған ардақты ағамыз Әділ Жамбасбайұлы Құрықбаев іні іліпатын ағалық дархан пейілмен қабылдай білетін ақжарқын жан. Өмірлік ұстанымымыз, мақсат-мұратымыз ұқсас болғандықтан ба өріптесімізбен алғашқы танысқаннан сыйласып, жақын, тілекші жандарға айналып кеттік. Бұл күндері Әділ Жамбасбайұлымен аразамызды тек өріптестік сыпайы сыйлас-тық, ағалы-інілік іліпат қана емес, көп мүдделер жалғап жататынын мақтаныш тұтамын.

Мен ол кісіні рухани тұрғыдан ақылшым деп есептеймін, ес тұтамын. Маған Әділ Жамбасбайұлының елдік, мемлекеттік, ұлттық мүдделерге келгенде пікірінің өткірлігі, ой еркіндігі қатты ұнайды. Өзінің газет-журнал беттеріндегі мақалаларда жазғанындай Әділ Жамбасбайұлымен екеумізді ортақтастырып ұқсастықтар мен мүдделер баршылық: ол кісі де мен сияқты таза қазақ ауылында, қазақы ортада өсіп, қазақ мектебінде оқып, тәрбиеленіпті, орыс тілін білмей келіп, оқуға түсіп, содан қатты қиналыпты, осыдан келіп, университетте екі түрлі бағытта оқуға, әрі орысша тіл үйренуге, әрі негізгі мамандық бойынша білім алып, ізденуге тура келіпті. Мұның тілмен айтып жеткізгісіз ауыр азабын Әділ Жамбасбайұлы бір сұхбатында әдемі орайластырып, қисынды жеткізе білгендігіне қатты риза болып қалдым. Және ол мұны осы күнгі қаншама мүмкіндік бола тұра қазақ тілін үйренгісі келмейтін, құлқы да жоқ, тіпті, мен-сінбейтін әріптестерін сынай келе, бір кездерде өздерінің бұдан мүлде қиын жағдайда қалып, нағыз білім нәрімен суындар шақта алтын уақыты еріксіз орыс тілін меңгеруге кеткенін, соған

заман талабы, саясат ағымы мәжбүрлегенін ағынан жарылып ақтарылады. Азамат боп қалыптау кезінде мұндай мәселе өз басымыздан да өткендіктен, бұл тақырып бізге өте таныс. «Мен ұзақ жылдар бойы сот жүйесінде судьялық қызметте істедім, – деп жазыпты Әділ Жамбасбайұлы, – Қазақ ауылынан шыққан, қазақ мектебін бітірген, орыс көрмеген біздер орыс тілін әскери борышымызды өтеп жүрген кезде үйрене бастадық. Орыстілді орта орыс тілінде сөйлеуге мәжбүрледі. Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, бес жылда бір рет те қазақ тілінде дәріс тыңдамай, таза орыс тілінде бітіріп, диплом алдық. Қазақ мектебін бітіріп келгендер бес жыл оқудың жартысын орысша үйренуге арнап, қалған уақытта білім алатын еді. Сол кезде мен орыс тілінде таза сөйлеп, жаза алатындарға қызыға да, қызғана да қарайтынмын. Маған орыстілділерге оқу оңай сияқты көрінетін. Бірақ кеудеде маздап тұрған намыс не істетпейді? Оқу, оқу және оқудың арқасында заң факультетін бітіріп, өмірге жолдама алдық...».

(Жалғасы 5-бетте)

МІНБЕР

«Ойыннан от шығар». Халқымыздың бұл даналығын Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевке жолдаған депутаттық сауалында депутат Үнзिला Шапақ онлайн ойын платформаларына қатысты айтты.

ROBLOX ПЛАТФОРМАСЫН БҰҒАТТАУ – БАЛАЛАРДЫ ҚАТЕРДЕН САҚТАУ

Қазіргі таңда «Roblox» сөзін білмейтін бала жоқ. Бұл пайдаланушыларға өз ойындарын құруға, виртуалды әлемдерде қарым-қатынас жасауға және басқа ойыншылармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін халықаралық платформа. Осы жайлы айта келіп, Шапақ ханым мына деректерді ортаға салды. 2025 жылғы ашық дереккөздерге сәйкес, Roblox платформасына кіретін күнделікті белсенді қолданушылар саны 150 миллионға жуық. Пайдаланушылардың басым бөлігін көмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер құрайды. Ата-аналар, педагогтар және халықаралық сарапшылар тарапынан Roblox ойынының балалар психикасына кері әсер етуі мүмкін екендігі туралы алаңдаушылық жиі көтерілуде. Атап айтқанда, виртуалды тәуелділік, агрессивті мінез-құлық, шынайы өмірден алшақтау, сондай-ақ жас ерекшелігіне сай келмейтін контентпен бетпе-бет келу фактілері кездеседі. «Ойыннан от шығар» демекші, балалардың психологиялық дамуына мұндай факторлардың әсері ұзақ мерзімді теріс салдарға әкелуі ықтимал. Ең қорқыныштысы, Roblox сияқты ашық онлайн-платформаларда көмелетке толмаған балаларға қатысты қылмыстық ниеті бар тұлғалардың, со-

ның ішінде педофилдер мен алаяқтардың белсенді әрекет ететіні туралы деректер бар. Олардың тактикалары қарапайым, алайда хирургиялық дәлдікпен жасалатындай. Алдымен ойындағы виртуалды чат арқылы баланың сеніміне кіріп, кейіннен Roblox-тан телеграмға көшіп, құпия кездесуге шақырады және мұның аяғы қайғылы оқиғамен аяқталуы мүмкін. Сонымен қатар алаяқтар дәл осылай баланың сеніміне кіріп, оған сыйлық беруге уәде беріп, ата-анасының картасының номерін және СМС-кодты сұрайды. Бала сеніп айтқандарын орындайды, нәтижесінде картадан ақша шешіліп алынады. Әрине, компания «балаларға ең қауіпсіз орта жасаймыз» деп жар салудан жалығар емес. Бірақ секундына 50 мыңнан астам хабар ағылып жатқан ортаны толық бақылау мүмкін емес. 2025 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов: «Біз Roblox-ты блоктау немесе шектеу мәселесін қарастырмаймыз» деп айтқан болатын. Roblox платформасының балалар қауіпсіздігіне, психологиялық дамуына және контенттің бақылаусыздығына байланысты бірқатар мемлекеттер қатаң шаралар қабылдауда. Атап айт-

канда, Түркия, Катар, Ресей, Қытай, Иран, Солтүстік Корея және басқа да мемлекеттерде аталған платформа бұғатталды. Осы тұста Хәкім Абай: «Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы-мұң» деп айтқанын-дай біз тек ел ішінде қандай да бір қайғылы жағдай орын алғаннан кейін ғана әрекет етуіміз керек пе деген сұрақ туындайды. Осы жайлы айта келіп, Шапақ ханым Қазақстанда не себепті әлі күнге дейін аталған платформаға қатысты ұқсас шектеу немесе терең сараптамалық бағалау жүргізілмей отырғанына алаңдаушылық білдірді. Шын мәнінде Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға міндетті. Депутаттың осы ретте талаптары орынды. Расында депутат айтқандай Қазақстан Республикасында Roblox платформасының балалар мен жасөспірімдерге тигізетін психологиялық және әлеуметтік әсеріне қатысты арнайы зерттеулер жүргізілуі қажет. Өзге елдерде Roblox платформасын бұғаттау тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда бұл платформаның қызметін шектеу немесе қосымша бақылау тетіктерін енгізу де кезек күттірмейді. А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА, «Заң газеті»

3-БЕТ



Заңгерлердің жаңа буыны қандай болуы керек?

6-БЕТ



Ұшқышсыз авиацияны дамыту орталығы ашылды

8-БЕТ



Банкирдің өлімі



ЕҢБЕК НОРМАЛАРЫ

ЖАЛАҚЫ ЖЫРЫ: ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

2025 жылы мемлекеттік еңбек инспекторларының анықтаған деректері елдегі еңбек қатынастарының ахуалы әлі де алаңдатарлық жағдайда екенін көрсетті.

Өткен бір жыл ішінде республиканың 629 кәсіпорнының 11,9 мыңнан астам жұмыскерге жалақы қарызы 3,1 млрд теңгеден асыпты. Бұл – жай ғана статистика емес, мыңдаған отбасының күнкөрісіне тікелей әсер ететін әлеуметтік мәселе екені белгілі. Мәселенің күрделілігі жалақы берешегімен ғана шектелмейді. Түрлі ұйымдарда жүргізілген тексерулер 8,7 мыңнан астам еңбек құқығының бұзылу фактісін де анықтапты. Яғни, еңбек ұжымдарында жұмыс уақытының сақталмауы, демалыс күндерінің берілмеуі, еңбек қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы сынды жүйелі кемшіліктер әлі де бар.

Анықталған заңбұзушылықтар бойынша кәсіпорын басшыларына 4 245 міндетті ұйғарым беріліп, 524,3 млн

теңгеден астам айыппұл салыныпты. Бұл – мемлекеттің еңбек заңнамасын сақтатуда қатаң позиция ұстанып отырғанын көрсетеді. Дегенмен, айыппұл салу мәселенің түбегейлі шешімі ме деген сұрақ туындайды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 11,8 мың жұмыскердің құқығы қорғалып, оларға 2,85 млрд теңге жалақы төленген. Бұл – еңбек инспекциясының нақты нәтижесі. Жалпы қабылданған шаралар арқылы 51 мың жұмыскердің еңбек құқығы қорғалды. Бұл – бір жыл ішіндегі ауқымды нәтиже. Алайда бастапқыда жалақыны уақытында төлемей, кейін мәжбүрлі түрде өтеу – адал еңбек қатынасының өлшемі емес.

2025 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары 6 599 тексеру жүргізіп,



8 720 заңбұзушылықты анықтаған. Оның 7 089 – еңбек қатынастары, 1 585 – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және 46 – халықты жұмыспен қамту саласынан тіркелді. Бұл дерек еңбек қауіпсіздігі мәселесінің де өзекті екенін аңғартады.

Жалпы, жалақы берешегінің айтарлықтай бөлігі ауыл шаруашылығы саласына тиесілі екен. Сарапшылардың айтуынша, мұндағы басты мәселе – маусымдық жұмыс пен бейресми еңбек қатынастарының басымдығы. Көп жағдайда еңбек шарты қағаз жүзінде бар болғанымен, іс жүзінде сақталмайды. Тексерулер барысында агросалада жалақыны кешіктіру, еңбек шартынсыз жұмысқа тарту, жұмыс

толық қорғалмайды.

Ауыл – азық-түлік қауіпсіздігінің тірегі. Бірақ сол тіректі ұстап тұрған адам жалақысыз қалса, аграрлық өсім қалай болмақ? Ойлаудың өзі қоркыншты.

Өндірісте де осындай жағдай. Ауыттың жұмысында іркіліс болмаса да, жалақы кешіктіріледі. Саладағы 2025 жылы анықталған еңбек заңнамасының мыңдаған бұзушылығы бұл сектордағы жүйелі кемшіліктерді айқын көрсетті. Өндірістерде жалақыны кешіктірумен қатар, артық жұмыс үшін ақы төлемеге және қауіпсіздік талаптарының сақталмауы жиі кездеседі. Мемлекеттік бақылау нәтижесінде мыңдаған өндіріс жұмыс-

шысының құқығы қорғалғанымен, мәселе түбегейлі шешіліп отырған жоқ. Сарапшылар мұны өндірістегі еңбек мәдениетінің әлсіздігімен байланыстырады. Жалақысы кешіккен жұмысшыдан жоғары сапа мен жауапкершілік талап ету – әділетсіз. Осы ретте Сенатор Ғалиасқар Сарыбаевтың бұл жағдай өндірістің де, экономиканың да қауіпсіздігіне әсер ететіні жайлы пікірімен келіспеске шара жоқ. Расында өндіріс – экономиканың локомотиві. Ал сол локомотивтің күшін беріп тұрған еңбек адамының құқығы қорғалмаса, өсім де тұрақсыз болмақ.

Деректер еңбек құқығының бұзылуы жекелеген кәсіпорындардың емес, жүйелі проблема екенін көрсетті. Мемлекеттік бақылау күшейгенімен, жалақы берешегі мен еңбек заңнамасының бұзылуы әлі де қайталануда. Бұл – жазалау жеткіліксіз, алдын алу тетіктері мен еңбек мәдениетін өзгерту қажет дегенді білдіреді. Еңбек адамы қорғалмайынша, экономикалық даму туралы сөз де толық болмайды.

Мемлекет бақылауды күшейтіп отыр, айыппұл да бар, тексеру де жеткілікті. Алайда жұмыс берушінің жауапкершілігі тек жазамен емес, корпоративтік мәдениетпен, адалдықпен, заңды сыйлаумен қалыптасуы тиіс.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Baupost Green» ЖШС (БСН 191040000643) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Егізбаев көшесі, 13-үй, тел. +7 777 247 9192.

3. «БайкалФинансЗапад» ЖШС (БСН 220940045136) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, F13F8K8, Риддер қаласы, Безголовов көшесі, 9-ғимарат, тел. +7 771 548 18 09.

4. «СтройКА.com» ЖШС (БСН 180440023543) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Шемякин көшесі, 258-үй, тел. 8 777 328 53 22.

5. «Аян-Карашатау» өндірістік кооперативі (БСН 221140044885) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Құмқұдық ауылы, Байтаза Бисембаев көшесі, 44-үй. Тел. 8 705 605 87 73.

6. «Квартал-9» тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 220840006378) (ҚР, 150000, СҚО, Петропавл қаласы, Маяковский көшесі, 85-үй), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 150000, СҚО, Петропавл қаласы, Ленинград көшесі, 116, Маяковский көшесі, 85-үй. Тел. +7 707 628 99 91.

7. «Aktobe invest city» ЖШС (БСН 140640001007) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәнкібай Батыр даңғылы, 1-үй, 222-кеңсе, тел. 8 777 800 7332.

10. «AnsarTradeService» ЖШС (БСН 170640017633) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-шағын ауданы, 1-ғимарат. Тел. +7 702 786 8153.

11. «Алматинский локальный независимый профессиональный союз (профсоюз) работников газового хозяйства «БАҚЫТ» Қоғамдық бірлестігі (БСН 991240005639) (ҚР, Алматы қаласы, A05B6C4, Алмалы ауданы, Байзаков көшесі, 125-ғимарат, н.п.1) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 88-үй, 16-пәтер, тел. +7 701 799 5643.

12. «ӨРКЕН ЖОБА» ЖШС (БСН 150940012848) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігерген ауылдық округі, Жігерген ауылы, Шыршықбаев көшесі, 26-үй.

15. «Қызылшекара» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 210140009159) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сүмбе ауылдық округі, Сүмбе ауылы, Мұсабек Өміржанов көшесі, №17, тел. 87052190454.

16. «JASYL DALA ECO» ЖШС (БСН 211140033362) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөген ауылдық округі, Бөген ауылы, М.Әуезов көшесі, 9/1-үй, индекс 160602.

17. «АБД Маркетин» ЖШС (БСН 251140022304) (Алматы қ., Шұғыла шағын ауданы, Көктерек көшесі, 139-үй, 233-н.п.) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-

дыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Шұғыла Сити, 340/4, корпус 20, офис №1, тел. +7 778 0011223.

18. «Kronos Credit» ЖШС (БСН 141140015011) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 212/1, 318 кабинет, тел. 8 727 330 03 45.

ӘРТҮРЛІ

8. «EUROAD CONSTRUCTION» ЖШС (БСН 101140002220) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 8-шағынауданы, 41/6 үй, 163-пәтер, индекс 050000.

13. «Өндірістік-технологиялық жинақтау басқармасы» акционерлік қоғамы (БСН 940540000092) жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қайта құрылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 63-үй.

19. «Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Н.Назарбаев даңғылы, 135/56 ғимарат, жерасты автотұрағы бар қонақ үй кешенінің құрылысы» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 18 ақпанда сағат 11:00-де Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Н.Назарбаев даңғылы, 135/56 ғимарат мекенжайында өтеді. Барлық ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: +7 777 244 11 22, e-mail: akhmetkulbaev@gmail.com.

МҰРАГЕРЛІК

9. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 21.12.1994 жылы туылған, 2025 жылы 21 шілдеде қайтыс болған Сутбаев Бегистің артынан мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-кенсеге хабарласуын сұрайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультеті ұжымы және мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы Баймаханова Дина Мұратқызына

АНАСЫНЫҢ

мезгілсіз өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып туған-туыстарына көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.